

Гаджеттік технологиялар

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/139274/>

Менің салауатты өмірімде күнделікті жұмысымды жеңілдететін гаджеттік

технологиялар: телефон, планшет, компьютер, шаңсорғыш, микротолқынды пеш, мультиварка, кіржуғыш машина, үй тірлігіне арналған неше түрлі роботтар және т.б

Бұрын ата-бабамыздың кезінде техника саласы дамымаған. Ата-бабамыз сол кезде, ештеңеге уайымдамай өмір сүрген. Әсіресе, балалары оқуға кеткенде, жары жұмысқа, алыс сапарға кетсе де біз сияқты телефонмен хабарласып сөйлеспейтін де. Қазіргі адамдар сымсыз телефонды, шаңсорғыштың түр-түрін көрсе, неше түрлі тамақты жасайтын мультиварканы көрсе: "Мәссаған, техниканың дамып кеткені, біздің кезімізде ондай түгілі ешқандай техника болмады да ғой" деп таңғалады. Иә, қазір ғылым мен техниканың жаңғырып тұрған заманы ғой. Күн сайын атақты, майталман ғалымдардың еңбегі өз идеялары мен ойларын дамытып, таңғажайып адам сенгісіз туындыларымен бөлісуде.

Робот, машиналардың арқасында адамның жұмысы азаюда десем артық болмайды. Адамдар мүмкін емес деген ойлары мүмкін болуда. Көз - қорқақ, қол-батыр деп ата-бабамыз бекер айтпаған ғой.

Ғылым мен технология адам әрекеті арқылы дамиды. Мысалы, компьютер. Компьютер, ең біріншіден, еңбек өнімділігін

арттырады. Яғни, аз ғана уақыт ішінде сіз іздеген ақпаратыңызды тауып, есеп жүргізіп, кесте сыза аласыз. Компьютер арқылы соншама қашықтыққа қарамастан алыстағы адамдармен қарым-қатынас жасай аласыз. Үшіншіден, әрине, уақытыңызды көңілді өткізе аласыз. Компьютермен фильмдер көріп, ойын ойнай аласыз. Осындай компьютерлік технологиялар — ақпараттық-коммуникациялық жаһандандудың басты көзі.

Алматы облысы Қарасай ауданы Kursant high school

Кенжебек Нұрдана

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.